Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
Топ: «Ақжелкен» мектепалды даярлық
Балалардың жасы: 5-жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 29.08.-02.09.2022 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 29.08.2022**	**Сейсенбі 30.08.2022**	**Сәрсенбі 31.08.2022**	**Бейсенбі 01.09.2022**	**Жұма 02.09.2022**
Балаларды қабылдау				Балаларды қабылдау. Жеке бас гигиенасын қарау.Жағымды жағдай орнату. Таңғы жаттығуға қатысып балалардың жағдайын бақылауда ұстау. (сөйлеуді дамыту)	Балаларды жылы жүзбен қарсы алу, көңіл- күйлерін байқау.Таңғы жаттығуға қатысуын қадағалау. (сөйлеуді дамыту)
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу.				Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды				**Дидактикалық ойын:**«Киімдерді ата» **Міндеті:** Түрлі киім атауларын (пальто, етік, құлақшын т.б.) атап айтуға үйрету, сөздік	**Дидактикалық ойын:** «Мамандықтарды ата» **Міндеті:** Балалардың мамандықтарды атап, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп,

қарау және тағы басқалар)				қорын кеңейту, ұл бала мен қыз баланың киімін ажырата білуге үйрету. Көрнекі құралдар: Әртүрлі киімдердің суреттері. **(шығармашылық, танымдық дағдыларды дамыту)**	қызығушылықтарын арттыру. Мамандық әлемінң түрлілігі туралы түсінік қалыптастыру. Балалардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, мамандық таңдай білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көрнекі құралдар: Мамандықтар бейнеленген суреттер. **(танымдық дағдыларды дамыту)**
Таңертенгілік жаттығу	Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - 4 - басты оң жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу. 1 - 4 - басты сол жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - 2 - денені оң жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу 3 - 4 - сол жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады). Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - оң аяққа еңкею. 2 - ортаға еңкею. 3 - сол аяққа еңкею. 4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады). Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - 4 - оң аяқпен секіру. 1 - 4 - сол аяқпен секіру. 1 - 4 - екі аяқпен секіру. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық				

	пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. М. Жаманбалиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық				Балалармен бірге жоспарлау, ойларын білу,қызығушылықтарын а қарай әркет түрін таңдау.	Ұйымдастырылған ісәрекеттің өтілу барысына қажет құралдарды,көрнекілікт ер, ортаны дайындау.
Мектепке дейінгі ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет				**Сөйлеуді дамыту** "Біздің балабақша тақырыбында әңгімелесу". **Міндеті:** "Біздің балабақша" тақырыбында әңгімелесу, балабақша және балабақшадағы күн тәртібі, күнделікті әдептілік ережелері туралы ұғымдар	**Қазақ тілі.** «Менің отбасым» **Міндеті:** Балалардың «Отбасы» тақырыбы бойынша білімдерін кеңейту, отбасында кімдер тұратынын, отбасы мүшелерінің не істей алатынын айта алуға үйрету. Сурет бойынша сөйлемдер құрап айтуға машықтану. Сөздер мен сөйлемдерді

				қалыптастыру. **Сауат ашу негіздері** "Дыбыс және әріп". Мақсат-міндеттері. Оқушыларды сөздің құрылымын, әріптер мен дыбыстардың ерекшелігін ажыратуды үйрету. Сөздік қорын, ауызша сөйлеу тілін дамыту. **Қоршаған ортамен таныстыру** "Күз келді балабақшама!" **Міндеті:** Балалардың жанды және жансыз табиғат нысандары жөнінде негізгі ұғымдарын кеңейту; балабақша маңайында ауа райын бақылау кезінде күзгі құбылыстарды байқап, бір-бірінен ажырата білуді үйрету. **Музыка**	орынды қолдана білуге дағдыландыру, тіл дамыту. Өзара сыйластыққа, кішіпейілділікке, отбасы мүшелерін құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: балалардың отбасымен түскен фотосуреттері, үлестірмелі материалдар, тақырыпқа сай слайдтар, пиктограмма суреттер. **Математика негізі** «Ғажайып математика» **Міндеті:** 5 көлемінде сандық есептеуге үйрету. Сандарды тура және кері санау,. Балалардың тілін дамыту жұмыстарын жалғастыру, іс - әрекет дағдыларын меңгерту, әлемнің тұтас бейнесін түсініп, ойлауға ауызша қосып - алу және геометриялық пішіндер туралы ұғымдарын тиянақтап, түстерді ажыратуға, қарым - қатынас, көмек көрсету,

				Маман жоспары бойынша	сыйластықты қалыптастыру Балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. **Дене шынықтыру** Маман жоспарымен **Көркем әдебиет** "Ш. Шаяхметов «Білімің - бұлағың» (өлеңімен танысу)" **Міндеті:** Балабақшаға, мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу. «Білімің – бұлағың» өлеңін оқу, балаларға үйрету, сөздердің мағыналарын түсіндіру.
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен				**1.Бақылау** Күнді бақылауды жалғастыру. **Міндеті:** Серуендеуге, күнге қызығушылықты ынталандыру. Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау	**1.Бақылау** Аспанды бақылау. **Міндеті:** Балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз болғанын байқату; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда

				болғанын сезінуге шақыру. **2.Жеке жұмыс.** **Көркемсөз** Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! **Міндеті:** Ойлау қабілетін дамыту. **3. Еңбек** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. **Міндеті:** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **4. Қимылды ойын** "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. **Міндеті:** Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру;	қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. **2.Жеке жұмыс.** **Жұмбақ.** Көзі жасты – жылауық, Келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, Жадыраса, құлайды. (Бұлт.) Міндеттері: **Міндеті:** Сын-сипаты бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару **3. Еңбек.** Құрап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). **Міндеті:** Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. **4. Қимылды ойын** "Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны. **Міндеті**: Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.

				ептілікке, достыққа тәрбиелеу. **5.Дербес ойын әрекеті.** "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. Еркін ойындар	**5. Дербес ойын әрекеті.** Балаларға ойын тақырыбын өз бетінше таңдауды үйрету. Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары.				Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. Қолдарымыз қайда? Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза. **(дене шынықтыру)**	Ұйқы ашар жаттығу: Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау. Майтабанның алдын алу. (2 минут) Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. (2 минут)
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес				Дидактикалық ойын.	Сюжетті-рөлдік ойын

әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)				"Ғажайып дорба". **Міндеті**: Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту.	"Балабақша". **Міндеті.** Балалардың балабақша және онда жұмыс істейтін мамандардың негізгі қызметі жайындағы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құру қабілеттерін дамыту.
Балалармен жеке жұмыс				Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде
Серуенге дайындық	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.				
Серуен				**1.Бақылау** Күнді бақылау. **Міндеті:** Күнді, оның өсімдіктер мен ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру. **2. Жеке жұмыс:** Жалпы дамыту жаттығулары **Міндеті**:жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылықтарын	**1.Бақылау** Күнді бақылауды жалғастыру. **Міндеті:** Серуендеуге, күнге қызығушылықты ынталандыру. Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру. **2.Жеке жұмыс.** **Көркемсөз** Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты!

				арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру, **3.Еңбек** жәшіктерге құм толтыру. **Міндеті.** Балалардың бойында еңбекке құштарлықты ояту. **4. Қимылды ойын** "Қарақұс пен балапандар" **Міндеті:** Тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. **5.Дербес ойын әрекеті.** "Қу түлкі". Еркін ойындар	**Міндеті:** Ойлау қабілетін дамыту. **3. Еңбек** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. **Міндеті:** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **4. Қимылды ойын** "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. **Міндеті:** Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. **5.Дербес ойын әрекеті.** "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. Еркін ойындар
Балалардың үйіне қайтуы				Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында	Ата- аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.

				сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	

Циклограмманы тексерген әдіскер

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
Топ: «Ақжелкен» мектепалды даярлық
Балалардың жасы: 5-жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 05.09.-02.09.2022 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 05.09.2022**	**Сейсенбі 06.09.2022**	**Сәрсенбі 07.09.2022**	**Бейсенбі 08.09.2022**	**Жұма 09.09.2022**
Балаларды қабылдау	Саламатсыңдарма балалар! Балаларды үлкендерді құрметтеуге тәрбилеу.	Қуан, шаттан балақай! «Тазалық – денсаулық кепілі»	Қайырлы таң балалар! Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға кеңесберу	Саламатсыңдарма балалар! «Дені саудың - жаны сау» бала денсаулығы туралы балаларға айту.	Сәлем менің балабақшам! Отбасындағы тәрбие туралы айту.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу.	Балалардың демалыс күндерін қалай өткізгендіктері жайлы сұрау.	Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігІ жөнінде әңгіме жүргізу.	Екінші артық киімдерін әкелуді тапсыру.	Балалармен бірге ойыншықтар дүкеніне қаншалықты жиі барасыз?	Балалардың демалыс күндерін көңілді ұйымдастыруға кеңес беру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды	**Үстел үсті ойыны.** "Бұл үйде кімдер тұрады?" **Міндеті:** Балалардың	**Санамақ.** Бір дегенім - бесік, Шықтық содан өсіп. Екі деген - елім, Дала, туым, көлім. Үш дегенім - үміт,	**Үстел үсті ойыны.** "Лото". **Міндеті:** Балалардың зейінін дамыту.	**Фотосуреттерді қарастыру. «Менің отбасым».** Фотосуретте бейнеленген өздерінің отбасы	**Құрылыс ойындары «Үй құрастырамыз». Міндеті:** Балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін

қарау және тағы басқалар)	сөздік қорын арттыру, еске сақтауды дамыту. Шарты. Тәрбиеші үйдің терезесінен отбасы мүшелерінің суретін көрсетеді, балалар оларды атайды. **(қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Үміт артар жігіт, Төрт дегенім - төзім, Төзе білем - өзім, Бес дегенім - бақыт, Бағалайтын уақыт. **(қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа тәрбиелеу. Әр бала ортақ атауға біріккен отбасы мүшелері киімдерінің суреттерін жинайды. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)**	туралы әңгімелеу. **(шығармашылық іс-әрекет, қаза тілі)**	арттыру. Ойын атрибуттары. "Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. Педагог балаларға өз үйлерін құрастыруды ұсынады. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)**
Таңертенгілік жаттығу	**Таңғы жаттығу** «Қанат қағамыз!» Бастапқы қалып: аяқтар иық еніне қойылады, екі қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа ораламыз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, екі қолды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)жаттығуы**.**				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Ас - адамның арқауы. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Отбасы» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді	Отбасы туралы мнемотехника бойынша тақпақ жаттау. **(танымдық**	Отбасы туралы мақал-мәтелдер жаттау. **(қазақ тілі, танымдық**	"Менің отбасым" тақырыбында отбасы мүшелеріне байланысты	"Отбасындағы сыйластық" тақырыбында балаларға сұрақтар

	қарастыру. **(танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет)**	**іс-әрекет)**	жұмбақтар жасыру. Суреттер бойынша әңгімелеу. **(танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Мектепке дейінгі ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Сөйлеуді дамыту** Балабақша қызметкерлері туралы әңгімелесу. **Міндеті:** "Біздің балабақша қызметкерлері" тақырыбында әңгімелесу. **Қоршаған ортамен танысу** "Балабақша қызметкерлерінің еңбегі". **Міндеті:** Балалардың балабақшада қызмет ететін әр	**Математика негіздері** "Бақшадағы жемістер". **Міндеті:** Балалардың ұғымында "бір" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру; заттарды санаумен цифрлау бойынша сәйкестендіру біліктіліктерін арттыру. **Сауат ашу негіздері** "Буынға бөлуді қайталау".	**Математика негіздері** Себет толы жемістер. **Міндеті:** Балаларды "бір" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру; заттарды санаумен цифрлау бойынша сәйкестендіруді пысықтау. **Құрастыру** «Тар және кең жолдар». Мақсаты:	**Сөйлеуді дамыту** "Отбасында біз бесеуміз". **Міндеті:** Балаларды отбасы мүшелерімен таныстырып, баланың тілдік қабылдау нәтижелерін, сөйлеу мәдениетін дамыту. **Сауат ашу негіздері** "Сөзбен танысайық. Сөздер мен дыбыстар". **Міндеті:** Сөз бен дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің бірнеше дыбыстан құралатынын,	**Қазақ тілі** Дыбыстар мен әріптер. **Міндеті:** Балалармен бірге сауат ашу әлеміне саяхат жасау арқылы дыбыстар мен әріптер туралы түсінік беру, оларды бір-бірінен айыра білуді үйрету және дыбыстау арқылы әріптерді айтқыза отырып, әріп сырын ұғындыру. Балаларға сөйлем туралы түсінік беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру, қаламмен жазуды

	мамандық иелері жайлы түсініктерін бекіту, меңгерушінің қызметі туралы мәлімет беру; үйлесімді қарым-қатынас жасау, еске сақтау қабілеттерін дамыту. **Сауат ашу негіздері** "Буынға бөлейік" **Міндеті:** Балаларға сөз бен буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын үйрету.	**Міндеті:** Балаларға сөз бен буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын пысықтау. **Көркем әдебиет** "Атаның сөзі - ақылдың көзі". **Міндеті:** Балалардың отбасы, оның мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау, атаның асыл сөздері жайында ұғымдар беру; атадан қалған асыл мұраны жеткізу. **Музыка** Маман жоспары бойынша	балаларды тар және кең ұғымдарымен таныстыру, құрылыс материалдарымен жұмыс жасай білуге, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға және педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыландыру, ұқыпты жұмыс жасай алуға тәрбиелеу. **Дене шынықтыру** Маман нұсқауымен **Қазақ тілі**	дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру. **Қоршаған ортамен таныстыру** "Отбасы және туыстарым". **Міндеті:** Балалардың отбасы, оның мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау, туыстық жайында ұғымдар беру; отбасының барлық мүшелерін дұрыс атауды үйрету. **Музыка** Маман жоспары бойынша	үйрету. Балаларды балабақшаның тыныс-тіршілігімен таныстыру. Сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы сұрақтарға толық жауап беруді үйрету. Баланың зейінін арттыру, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту; ұғымталдыққа, әдептілікке тәрбиелеу. **Математика негіздері** "Мен отбасымда нешіншімін?" **Міндеті:** Балаларға реттік сан есімдер туралы ұғымдарын жандандыру; тура және кері санаудың негіздерін қалыптастыру. **Дене шынықтыру**

	Дене шынықтыру Маман нұсқауымен		"Балабақшамен танысу. Ойыншықтар әлемі". **Міндеті:** Тәрбиеленушілерді амандасу және қоштасу кезінде айтылатын сөз тіркестерімен таныстыру; үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуді, қарым-қатынас барысында әдептілік сөздерін қолдануды әдетке айналдыру; ойыншықтардың түрлері мен атауларын ажыратуды үйрету; [-ә], [-ө] дыбыстарымен таныстыру, сөздер мен сөз тіркестеріндегі [-		Маман нұсқауымен **Көркем әдебиет** "Ш. Шаяхметов «Білімің - бұлағың» (өлеңімен танысу)" **Міндеті:** Балабақшаға, мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу. «Білімің – бұлағың» өлеңін оқу, балаларға үйрету, сөздердің мағыналарын түсіндіру.

			ә], [-ө] дыбыстарын дұрыс дыбыстауды үйрету; ұқыптылыққа, қамқорлыққа, достық қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.		
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**1. Бақылау** Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау. **Міндеті:** құстарды тануға, дене бөліктерін атауға үйрету; құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.(**танымдық, коммуникативтік ісәрекеті)**	**2. Бақылау** Күзгі жапырақтарды бақылау. **Міндеті:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. (**танымдық, коммуникативтік ісәрекеті)** **2.Жеке жұмыс.** «Күзгі	**1.Бақылау** Жаңбырды бақылау. **Міндеті:** Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. (**танымдық, коммуникативтік ісәрекеті)** **2.Жеке жұмыс**.	**1.Бақылау** Бұлтты бақылау. **Міндеті:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін:шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату**.** (**танымдық, коммуникативтік ісәрекеті)** **2.Жеке жұмыс.** Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып.	**1.Бақылау** Желді бақылау. **Міндеті:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. (**танымдық, коммуникативтік ісәрекеті)**

	2.Жеке жұмыс. Құстар туралы әнгімелесу. **Міндеті:** Балаларға жыл құстарының тіршілігі туралы түсіндіру, құстардың түрлерімен таныстыру. (**коммуникативтік ісәрекеті)** **3.Еңбек.** Ересектің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмалары (мысалы: жапырақтар жинау) **Мақсаты:**қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету. (**еңбек іс-әрекеті)**	жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей(**коммуникат ивтік іс-әрекеті)** **3.Еңбек.** Жапырақтардан гүл шоғын жасау **Міндеті:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. (**еңбек ісәрекеті)** **4.Қимылдық ойын:** «Монданақ». **Міндеті:**	Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) (**коммуникативтік ісәрекеті)** **3.Еңбек.** Ағаш түптерін қопсыту. **Міндеті:**Балалар ды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. (**еңбек ісәрекеті)** **4.Қимылдық ойын:** «Сұр қоян». **Міндеті:**	(Бұлт) (**коммуникативті к ісәрекеті)** **3.Еңбек .** Ауладағы гүлдерді суару. **Міндеті:** Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. (**еңбек іс-әрекеті)** **4.Қимылды ойын:** «Кімге қандай құрал керек?» **Міндеті:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу.(**ойын, қозғалыс іс-әрекеті)** **5.Дербес ойын әрекеті**. 1.Әткіншектебу.	**2.Жеке жұмыс:** Тақпақ. «Жел» Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зузу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. (**коммуникативтік ісәрекеті)** **3.Еңбек**: «Әдемі гүлдер» **Міндеті:** Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. (**еңбек іс-әрекеті)** **4.Қимылдық ойын:** «Орамал тастау». **Міндеті:**Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. (**ойын, қозғалыс ісәрекеті)** **5.Дербес ойын**

	4.Қимылды ойындар: «Мені қуып жет», «Күннің көзі мен жаңбыр» **Міндеті:** Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. (**ойын, қозғалыс іс-әрекеті)** **5.Дербес ойын әрекеті**. Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар	Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. (**ойын, қозғалыс ісәрекеті)** **5.Дербес ойын әрекеті**. 1.Орта доп 2.Әткеншек тебу 3.Қуаласпақ	Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. (**ойын, қозғалыс ісәрекеті)** **5.Дербес ойын әрекеті**. 1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2.«Тәтті тоқаштар» пісірейік**.**	2.Тартылғышқа тартылу.	**әрекеті**. «Желмен жарысайық»
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары.	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. Қолдарымыз қайда? Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық,				

	Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза. **(дене шынықтыру)** Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Дидактикалық ойын**: «Ғажайып қапшық» **Міндеті:** баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. Ермексаздан доптың бейнесін мүсіндеу, қима қағаздардан құрастыру жұмыстарын жасату. **(Сөйлеуді**	**Сюжетті-рөлдік ойын:** «Қуыршақты тамақтандыр». **Міндеті:** Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторларме н ойындар ойнау. Дұрыс тамақтану туралы әңгіме құрау, балаларға сұрақтар қою арқылы сөздік қорларын дамыту. **(Көркем әдебиет, Құрастыру, Сөйлеуді дамыту)**	**Жыл мезгілі туралы әңгімелесу**. «Күз» (сурет қарастыру) **Міндеті:** қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. Табиғат құбылыстарын атай білуге үйрету. **(Қоршаған ортамен таныстыру, Көркем әдебиет)**	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу **Міндеті:** сұрақтарға жауап беруге үйрету. Күз мезгілінде болатын табиғат ерекшеліктеріне мән беріп, айырмашылықтарын айтқызу. Күз мезгілінің бояуларымен табиғатты суреттеу. **(Қоршаған ортамен таныстыру,Сурет салу)**	**Дидактикалық ойын:**«Пішіндерді боя». **Міндеті:** түстерді тани білуге үйрету, ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылықтарын арттыру. **(Математика негіздері, Сурет салу, Жапсыру)**

	дамыту, Мүсіндеу, Құрастыру)				
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**1. Бақылау** Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау. **Міндеті:** құстарды тануға, дене бөліктерін атауға үйрету; құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.(**танымдық, коммуникативтік ісәрекеті)** **2.Жеке жұмыс.** Құстар туралы әңгімелесу. **Міндеті:** Балаларға жыл	**2. Бақылау** Күзгі жапырақтарды бақылау. **Міндеті:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. (**танымдық, коммуникативтік ісәрекеті)** **2.Жеке жұмыс.** «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын,	**1.Бақылау** Жаңбырды бақылау. **Міндеті:** Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. (**танымдық, коммуникативтік ісәрекеті)** **2.Жеке жұмыс**. Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден	**1.Бақылау** Бұлтты бақылау. **Міндеті:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін:шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату**.** (**танымдық, коммуникативтік ісәрекеті)** **2.Жеке жұмыс.** Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) (**коммуникативтік ісәрекеті)** **3.Еңбек .** Ауладағы гүлдерді	**1.Бақылау** Желді бақылау. **Міндеті:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. (**танымдық, коммуникативтік ісәрекеті)** **2.Жеке жұмыс:** Тақпақ. «Жел» Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зузу-зу

	құстарының тіршілігі туралы түсіндіру, құстардың түрлерімен таныстыру. (**коммуникативтік ісәрекеті)** **3.Еңбек.** Ересектің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмалары (мысалы: жапырақтар жинау) **Мақсаты:**қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету. (**еңбек іс-әрекеті)** **4.Қимылды ойындар:** «Мені қуып жет», «Күннің көзі мен жаңбыр»	Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей(**коммуникат ивтік іс-әрекеті)** **3.Еңбек.** Жапырақтардан гүл шоғын жасау **Міндеті:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. (**еңбек ісәрекеті)** **4.Қимылдық ойын:** «Монданақ». **Міндеті:** Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. (**ойын, қозғалыс**	құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) (**коммуникативтік ісәрекеті)** **3.Еңбек.** Ағаш түптерін қопсыту. **Міндеті:**Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. (**еңбек ісәрекеті)** **4.Қимылдық ойын:** «Сұр қоян». **Міндеті:** Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. (**ойын, қозғалыс**	суару. **Міндеті:** Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. (**еңбек іс-әрекеті)** **4.Қимылды ойын:** «Кімге қандай құрал керек?» **Міндеті:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу.(**ойын, қозғалыс іс-әрекеті)** **5.Дербес ойын әрекеті**. 1.Әткіншектебу. 2.Тартылғышқа тартылу.	Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. (**коммуникативтік ісәрекеті)** **3.Еңбек**: «Әдемі гүлдер» **Міндеті:** Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. (**еңбек іс-әрекеті)** **4.Қимылдық ойын:** «Орамал тастау». **Міндеті:**Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. (**ойын, қозғалыс ісәрекеті)** **5.Дербес ойын әрекеті**. «Желмен жарысайық»

	Міндеті: Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. (**ойын, қозғалыс іс-әрекеті)** **5.Дербес ойын әрекеті**. Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар	**ісәрекеті)** **5.Дербес ойын әрекеті**. 1.Орта доп 2.Әткеншек тебу 3.Қуаласпақ	**ісәрекеті)** **5.Дербес ойын әрекеті**. 1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2.«Тәтті тоқаштар» пісірейік**.**		
Балалардың үйіне қайтуы	Дұрыс тамақтану ережелері.	Кеңес «Егер бала бұзық болса»	Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата- аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу.

Циклограмманы тексерген әдіскер

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
Топ: «Ақжелкен» мектепалды даярлық
Балалардың жасы: 5-жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 12.09.-16.09.2022 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 12.09.2022**	**Сейсенбі 13.09.2022**	**Сәрсенбі 14.09.2022**	**Бейсенбі 15.09.2022**	**Жұма 16.09.2022**
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау.	Балалармен және ата- аналарымен сәлемдесу.	Балаларды қабылдауда әсерлі көңіл сыйлау.	Балаларды қабылдау.	Балаларды жылы жүзбен қарсы алу, көңіл- күйлерін байқау.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу.	Балалардың демалыс күндерін қалай өткізгендіктері жайлы сұрау.	Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігіжөнінде әңгіме жүргізу.	Екінші артық киімдерін әкелуді тапсыру.	Балалармен бірге ойыншықтар дүкеніне қаншалықты жиі барасыз?	Балалардың демалыс күндерін көңілді ұйымдастыруға кеңес беру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және тағы басқалар)	**«Үй жануарлары» Міндеті:** Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын,қалай	Дидактикалық ойын **«Қуыршақтар қонаққа дайындалуда»**. **Міндеті:** ұзын-қысқа, үлкен- кіші ұғымдарымен салыстыру.**(таным**	**Ойыншықтарым** Үлкенмінғой міне мен, Ойыншықтарды жинаймын. Машинаға мінер ем Кабинаға	Үстел үсті ойыны: **«Құрастыр» Міндеті**: құрастыру дағдыларын бекіту. (**коммуникативтік, математикалық дағдыларды қалыптастыру.)**	Дидактикалық ойын **«Бұл қай кезде болады?» Міндеті:** Балалар жыл мезгілдерін жылдам табады, атайды және сипаттайды. Шарты:Балалар жыл мезгілдерінің

	дыбыстай-тынын және денемүшелерін дұрыс атауға,оларды қорғай білуге тәрбиелеу **(коммуникативті к дағдыларды қалыптастыру.)**	**дық-әлеуметтік дағдыларын дамыту.)**	симаймын. **(көркем әдебиет, коммуникативті к дағдылар)**		суреттерін жапсырып, ерекшеліктерін айтады. Күтілетін нәтиже: Балалар жыл мезгілдеріне тән суреттерді тауып әңгімелеп береді. **(Коммункативтік дағдыларды қалыптастыру,таным дық-әлеуметтік дағдыларын дамыту.)**
Таңертенгілік жаттығу	Педагог балалардың назарын өзіне аударып: - Балалар, енді тақтадағы суретке қарап, жаттығуларды бірге орындайық! - «Би». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, орамал ұстаған қол төменде. 1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу. 2 - бастапқы қалыпқа келу. 3 - орамалмен айналып билеу. 4 - бастапқы қалыпқа келу. - «Биші қыз». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қою. 1 - қолды жоғары көтеру, бір аяқтың ұшымен тұру. 2 - бастапқы қалыпқа келу. - «Паровоз». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ қатар қойылады, жұппен тұру. 1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру. 2 - сызық ортасына келгенде тарап кету. 3 - бастапқы қалыпқа келу. - «Қарлығаш». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, қол төменде. 1 - екі қолды екі қапталға жаю.				

	2 - бір аяқты артқа созу, қарлығашты бейнелеу. 3 - бастапқы қалыпқа келу. - «Іздер». Бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады. 1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру. 2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру. 3 - бастапқы қалыпқа келу. - «Аққұтан». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқ қатар қойылады, қол төменде. 1 - бір аяқпен тұру, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау. 2 - бастапқы қалыпқа келу. 3 - бір аяқпен тұру, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау. 4 - бастапқы қалыпқа келу - «Достар». Бастапқы қалып: дене тік, екі аяқты қатар қояды, жұппен тұрады. 1 - жұптар қол ұстасады. 2 - жұптасып айналу. 3 - бастапқы қалыпқа келу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** Арпа-бидай ас екен, Алтын-күміс тас екен.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалармен бірге жоспарлау, ойларын білу,қызығушылықтарын а қарай әркет түрін таңдау.	Ұйымдастырылған ісәрекеттің өтілу барысына қажет құралдарды,көрнекілікт ер, ортаны дайындау.	Сипаттау сөзін айту кезінде өзінмәдениеттіұстау,әд ептіжәне сабырлыболуды үйрету.	Балалардан сезінген әсерлерімен бөлісуді ұйымдастырып, жаңалықтарды білуге ынталандыру.	Шаттық шеңбері: күн сәулесінің белгісін беру арқылы жағымды сипаттау сөздерін бір біріне айту.
Мектепке дейінгі	**Сөйлеуді дамыту**	**Математика**	**Математика**	**Сөйлеуді дамыту**	**Қазақ тілі**

ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	"Менің отбасым" тақырыбында әңгімелесу. **Міндеті:** Балаларды отбасы мүшелерімен таныстырып, баланың тілдік қабылдау нәтижелерін, сөйлеу мәдениетін дамыту. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Қоршаған ортамен танысу** "Ауа райын болжаймыз" **Міндеті:** Балаларға табиғи құбылыстарды (қар, жаңбыр, тұман, бұршақ) бақылауды үйрету, олардың	**негіздері** "Отбасында кімдер бар?" **Міндеті:** Балалардың "екі" саны мен цифры жайлы білімдерін нақтылау; реттік сан туралы ұғымдарын жандандыру; заттарды санау арқылы салыстыра білу дағдыларын қалыптастыру. **Сауат ашу негіздері** "Сөйлеммен танысайық" **Міндеті:** Балалардың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, сурет бойынша сөйлем құрауды, байланыстыра	**негіздері** "Жұбын тап". **Міндеті:** Балалардың "екі" саны мен цифры жайлы білімдерін нақтылау; реттік сан туралы ұғымдарын жандандыру; заттарды санау арқылы салыстыру дағдыларын пысықтау. **Мүсіндеу** "Менің үйім осындай" **Міндеті:** Ермексазбен геометриялық пішіндер жасап үйді пішіндерден орналастыруды және жабыстыруды үйрету.	«Суыр, сұңқар, су қайда?" ертегісі. **Міндеті:** Балаларға ертегі арқылы судың маңыздылығын және судың адамзатқа, құстарға, жануарларға табиғаттың жанды құбылыстарына қажеттілігін түсіндіру. **Сауат ашу негіздері** "Дауысты дыбыспен танысайық". **Міндеті:** Балаларға дыбыс туралы түсінік беру, дауысты, дауыссыз дыбыстардың ерекшелігі туралы түсінік беру. **Қоршаған ортамен таныстыру**	"Тіл бірліктері (буын, сөз, сөйлем). Отбасы мүшелері." **Міндеті:** Өзінің аты-жөнін, тегін атау; ата-анасының, бауырлары мен әпке-сіңлілерінің есімдерін атау; өзінің туған күнін айту; отбасындағы өз міндеттерін атау және орындау; сөзді тұтас, дұрыс, түсініп оқуға дағдыландыру; ауызша және жазбаша тілін дамыту арқылы сөйлеу әрекеттерін жетілдіру; оқу әрекетіне қызығушылығын дамыту; тыңда және түсіну, байланыстыра сөйлеу дағдыларын жетілдіру; балаларға сөйлем туралы түсінік беру; суретке қарап сөйлем құрау; балаларды ұғымталдыққа,

	нәтижелерін түсіндіру; табиғи құбылыстарға қатысты халық болжамдарымен таныстыру. Логикалық жаттығу. "Жыл мезгілдерін ретімен орналастыр". Мақсат-міндеттері. Жыл мезгілдерінің ретін жатқа білуді үйрету; балаларды тез қимылдауға тәрбиелеу. **(қазақ тілі, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **Сауат ашу негіздері** "Сөйлеммен	сөйлеуді үйретуді қайталау. **Көркем әдебиет** «Айболит» ертегісі **Міндеті:** Балаларды өзге халықтардың әдеби шығармаларымен таныстыру. Шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауды, кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым-қатынас әлемімен таныстыру, кейбір адамгершілік қасиеттерге сипаттама беруді үйрету; көркем сөйлеу	**Дене шынықтыру** Маман нұсқауымен **Қазақ тілі** "Отбасы мүшелері". **Міндеті:** Балалардың отбасы мүшелері мен туыстары туралы білімдерін дамыту және толықтыру, отбасы туралы ұғымдарын кеңейту; [-қ] дыбысымен таныстыру, сөздер мен сөз тіркестеріндегі [-қ] дыбысын дұрыс дыбыстауды үйрету; отбасы мен туыстық	**Қоршаған ортамен таныстыру** "Саяхатшы балалар". Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған табиғат туралы өрісін кеңейту; саяхаттау және жабайы табиғаттағы тәртіп ережелерімен таныстыру. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, музыка, қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Музыка** Маман жоспары бойынша	әдептілікке тәрбиелеу. **Математика негіздері** "Күнтізбені қалай қолдануға болады? (Қазақ халқының тәуліктегі уақытты мөлшерлеуі)" **Міндеті:** Балалардың уақыт, тәулік бөліктері ұғымдары туралы білімдерін бекіту; қазақ халқының тәулік бөліктерінің атауларымен таныстыру, өз күнтізбе жоспарын осы атауларға сәйкестендіруге жаттықтыру. **Дене шынықтыру** Маман нұсқауымен **Көркем әдебиет** "Менің сүйікті ертегім. «Ақымақ қасқыр» қазақ халқының ертегісі."

	танысайық". **Міндеті:** Балалардың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; сурет бойынша сөйлем құрауды, байланыстыра сөйлеуді үйрету. **Дене шынықтыру** Маман нұсқауымен	қабілеттерін, адам бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту. Өзге адамдарға мейірімділі, қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Музыка** Маман жоспары бойынша	атауларды білдіретін сөздерді қазақ тілінде түсінуге, айтуға, қолдануға дағдыландыру; айтылым, тыңдалым және еркін диалогке түсу қабілеттерін дамыту; отбасы мүшелері мен жақындарына сүйіспеншілік пен мейірімділікке тәрбиелеу.		**Міндеті:** Ертегіні оқып беру, мазмұнын әңгімелеуді үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің рөліне еніп, олардың сөздерін айтқызу арқылы байланыстыра сөйлеуді, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәл тауып, сипаттауды үйрету. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, музыка, қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. **(дербес әрекет)**				
Серуен	**1.Бақылау** **Күз** **Міндеті:** балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру. **(қоршаған ортамен**	**1.Бақылау** **Бұлтты бақылау** **Міндеті:** балаларға бұлттың неге ұқсайтынын, қай бағытқа көшіп жатқанын	**1.Бақылау** **Құстарды бақылау** **Міндеті:** Күзгі құстардың өмірі жайлы түсінік беру.	**1.Бақылау** Жапырақтарды бақылау. (зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) **Міндеті.** Алтын	**1.Бақылау** **Жерде жатқан жапырақтарды бақылау. (зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**

	таныстыру) **2. Жеке жұмыс. "Ұядағы құс".** **Міндеті**: Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілік, зейін қабілеттерін, қимылдарды үйлестіруді дамыту. **3.Еңбек:** Учаскедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату. **Міндеті:** Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу **4.Қимылды ойын.** «Кептерді қуып жет» **Міндеті:**Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы	бақылатып әңгімелеу. **(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)** **2.Жекек жұмыс.** «Алтын күз» тақарабында сурет бойынша әңгіме құрастыру **3.Еңбек:** Учаскедегі шашылған жапырақтарды жинату. **Міндеті**: Еңбекке баулу. **Көркем сөз:** «Күз келді» Берекесін сыйлауға, Өлкемізге күз келді.	(қоршаған ортамен таныстыру) **2.Жеке жұмыс Жұмбақ** Ағайынды бәрі, Шықса жасыл Түссе - сары. Бұл не? **(көркем әдебиет)** **3.Еңбек**: Құстарға жем шашу. **Міндеті:** Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. **(еңбек әрекеті)** **Қимылды ойын**. 1.«Ақ қоян» Еркін ойын	күздің алуан түрлілігімен, "жапырақтың түсуі" ұғымымен таныстыру; табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **2.Жеке жұмыс**. **Жұмбақ** Ағайынды бәрі, Шықса жасыл Түссе - сары. Бұл не? **3.Еңбек** балабақшадағы қоқыстарды жинау. **Міндеті**. Жұмыс істеу дағдыларын бекіту. **4.Қимылды ойын.** "Үйіңді тап". **Міндеті.** Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету, ойын ережелерін дәл орындау қабілеттерін	**Міндеті:** Балалардың жапырақтар туралы білімдерін бекіту; сұрақ-жауап арқылы сөздік қорларын молайту; ойлау, қиялдау қабілеттерін арттыру; табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. **2.Жеке жұмыс: Мақал-мәтел.** Күз келсе - бақыт келер ырыспен. **(көркем әдебиет)** **3.Еңбек**: Гүл тұқымын жинау. **(еңбек іс-әрекеті)** **Міндеті:** Жұмысты бірлесіп орындауға ұмтылысты дамыту. **4.Қимылдық ойын:** “Аттар”. **Міндеті:** Балалардың

	еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. **5. Дербес ойын әрекеті**. 1.Орта доп 2.Әткеншек тебу 3.Қуаласпақ	Жемістерін жинауға, Шақырады біздерді**.** ***(*****көркем әдебиет)** **4.Қимылды ойын.** «Түсті автокөліктер» Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. **5. Дербес ойын әрекеті** «Желмен жарысайық»		дамыту. **5.Дербес ойын әрекеті** Бір аяқпен орнында секіру. **Міндеті.** Шапшаңдықты дамыту.	қимыл-қозғалыстарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; "Ер қанаты - ат" деген ұғымды қалыптастыру; жарыса ойнауға үйрету, ұлттық дәстүрді тәрбиелеу. Барысы. Балалар алаңда екі топқа бөлінеді. Үлкен шеңбер сызып, ортасында жалауша болады. Осы жалаушаны екі топ жарысып, белгіленген жерге жеткізу керек. Қай топ бірінші жеткізеді сол топ жеңіске жетеді. **5.Дербес ойын әрекеті**. Далаға алып шығатын материалдармен

					ойындар. **Міндеті.** Қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас	Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** Арпа-бидай ас екен, Алтын-күміс тас екен.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары.	Ұйқыашар жаттығуын орындау. Табан іздерімен жүріп өту. Ауыздарын тұзды сумен шаю.	«Құстар оянды», «Құстар достарын іздеп жатыр» ұйқыашар жаттығуын орындау	Ұйқыашар жаттығуларын орындау. Бүдір жолақшалармен жүру	Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау.	Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау.
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес	**Дидактикалық**	**Дидактикалық**	**Дамытушы**	**Дидактикалық**	**Дидактикалық ойын.**

әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**ойын.** "Бұл қай мезгілде болады?" **Міндеті:** Балалардың мезгілге қатысты құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын және жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды жауаптарын тек бір сөзбен ғана емес, құбылыстың не себептен болғанын түсіндіруге	**ойын. "От, су, аспан, жер".** **Міндеті:** Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар: доп. Шарты. Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады). Алғашқы кезеңдерде жүргізуші рөлін педагог өзі атқаруы мүмкін, ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін жүргізуші допты әр	**ойын.** "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз". **Міндеті:** Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Шарты. Жүргізуші. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді. Балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезегімен көрсетеді.	**ойын.** "Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары). **Міндеті:** Балаларға табиғи құбылыстардан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуды, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. Шарты. Педагог балалардың	**"Ұстап ал да, түсін ата".** **Міндеті:** Балалардың допты ұстап алып, аталған түске сай боялған белгілі затты (құбылысты, жануарды, құсты) жылдам атауға жаттықтыру; ой шапшаңдығын, түстерді ажырату, зейін қабілетін, дүниетанымын дамыту. Құралдар. Доп. Балалар шеңберде немесе қатарда отырады (тұрады). Ойынды педагог немесе санамақ арқылы таңдалған балалардың бірі жүргізеді. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**

	талпындыру қажет. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**	балаға кезекпен "От!" не "Су!", не "Аспан!", не "Жер!"сөздерін айтып, допты қолдарына лақтырады. Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, су асты жануарын атау, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жануар, жәндікті атау. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**	3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**	алдына түрлі таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды және тағы басқа. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,**	

				шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)	
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде	Балалармен бақылау жүргізілуде
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Балалардың үйіне қайтуы	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	«Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарына әңгіме жүргізу.	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу.	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.	«Менің достарым» тақырыбына әңгімелесу.

Циклограмманы тексерген әдіскер

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
Топ: «Ақжелкен» мектепалды даярлық
Балалардың жасы: 5-жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 19.09.-23.09.2022 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 19.09.2022**	**Сейсенбі 20.09.2022**	**Сәрсенбі 21.09.2022**	**Бейсенбі 22.09.2022**	**Жұма 23.09.2022**
Балаларды қабылдау	Арайлап таң атты! Күніміз сәтті болсын балалар. Тазалық туралы атаанамен әңгімелеу.	Саламатсыңдарма балалар! «Бала-тілі бал» бала қылықтары, қызықтары туралы ата-анасына айту.	Қайырлы таң балалар! Бала денсаулығына көңіл бөлу. Мәденигигиена лық шараларды үйде де ұстану	Қуан, шаттан балақай! «Тазалық – денсаулық кепілі»	Сәлем менің балабақшам! Балалардың шығармашылық жұмыстарының нәтижелері туралы көрсету
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу.	Балалардың демалыс күндерін қалай өткізгендіктері жайлы сұрау.	Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігіжөнінде әңгіме жүргізу.	Екінші артық киімдерін әкелуді тапсыру.	Балалармен бірге ойыншықтар дүкеніне қаншалықты жиі барасыз?	Балалардың демалыс күндерін көңілді ұйымдастыруға кеңес беру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және тағы	**"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Міндеті:** Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын	**"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Міндеті:** Жаңа еңбек дағдыларын	**"Асхана бойынша кезекшілік". Міндеті:** Балаларға кезекші міндеттерін адал орындауды	**"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) **Міндеті:** Балаларға	**"Кір сүлгілерді ауыстыру". Міндеті:** Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға

